Ауданаралық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау

Мемлекеттік орган	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ 2) Облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының кеңсесі
Қызметті көрсету мерзімдері	5 (бес) жұмыс күні ішінде
Қызмет құны	Тегін
Құжаттар тізбесі	1) мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш; 2) орындалған жұмыстар актісі; 3) әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастары бойынша нақты тасымалданған жолаушылар туралы есеп; 4) билеттерді сату жөніндегі есеп; 5) жолаушылар тасымалынан түскен қаржылық қаражат туралы есеп; 6) маршрут (километр) бойынша өткен жолға сүйеніп, қалалық (ауылдық) немесе қала маңы қатынастарында жолақының электрондық төлеу жүйесін пайдаланған жағдайда, Тасымалдаушының жолаушыларды маршруттарда тасымалдаумен байланысты шығыстарының көлемі жөніндегі есеп; 7) тасымалдаулар ауданаралық (қалааралық облысішілік) немесе ауданішілік қатынастарда жүзеге асырылған жағдайда, автовокзалдардың (автостанциялардың) диспетчерлік қызметінің құжаты немесе ауылдық округтің әкімінен немесе оны алмастыратын адамнан осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растайтын анықтамалар; 8) қалалық (ауылдық) немесе қала маңы қатынастарында жолақының электрондық төлеу жүйесін пайдаланған жағдайда, маршрут (километр) бойынша өткен жолға сүйеніп, осы маршрут бойынша орындалған рейстерді растаушы елді мекеннің бірыңғай диспетчерлік қызметінен алынған құжат; 9) диспетчерлік қызметтің қалалық маршруттар бойынша рейстерді орындамағанын растайтын (бар болған жағдайда) құжаты.
Қызмет көрсету нәтижесі	Орындалған жұмыс актісінің қосымшасын қоса бере отырып субсидия тағайындау туралы хабарлама немесе субсидияны

	тағайындамау туралы хабарлама жіберу арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты	http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020679